

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ТҮСІНІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Игибаева А.Ө.

Ответственное отношение человека к природе предполагает, чтобы он, человек, одновременно, «как момент переживания», осознавал себя ответственной личностью и в то же время понимал, в чем лично для него и общества в целом заключается многосторонняя ценность природы. Осознание себя и природы как противоречивого единства является совершенно необходимой предпосылкой для выработки таких обобщенных принципов и моделей поведения и деятельности личности в природе, которые, с одной стороны, реализуют духовные и физические потребности человека, с другой - не допускают нанесения ущерба окружающей среде. Предусмотрены Законы Республики Казахстан, рассмотрены труды ученых педагогов.

Responsible attitude of man supposes toward nature, that he, man, simultaneously, «as a moment of experiencing», realized itself responsible personality and understood at the same time, in what personally for him and societies the multilateral value of nature consists on the whole. Awareness itself and nature as contradictory unity is quite necessary pre-condition for making of such generalized principles and models of conduct and activity personalities in nature, which, from one side, will realize the spiritual and physical necessities of man, from other — causing damages shut out to the environment. Laws of Republic of Kazakhstan are presented, labours of scientific teachers are considered .

Бүкіл жер шарын қамтитын жалпы адамзат тарихындағы проблемалардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі – табиғатты қорғау проблемасы. Мектеп қабырғасынан бастап тәрбиеленетін, қарапайым сұрақтардан туатын экологиялық мәселе бірте-бірте үлкен, елеулі проблемаға айналып, адамзат өміріне қауіп туғызып отыр.

Қазіргі кезеңде ізгілендіру мен демократияландыруға бағытталған білім стандартын, оқытудың озық технологияларын, экологиялық білім негіздерін оқыту үрдісіне енгізу білім беру жүйесін дамытудың негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың ұсынған «2030 стратегиясы» бағдарламасында осы мәселеге айрықша көңіл бөлінгенін атап өткеніміз жөн. Дамудың осы стратегиялық бағытына сәйкес ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі 1999 жылы 4 қаңтарда «Экологиялық білім бағдарламасын» бекіткен болатын. Ендеше осы аса құнды екі құжатты басшылыққа ала отырып кез келген мұғалім өзінің барлық жұмыс бағдарламасын жоғары талап дәрежесіне сай жүргізуі тиіс.

Экологиялық білім дегеніміз – табиғатты қорғау саясаты. Ал адамзат баласы қол жеткізген жетістіктер түрі саналуан десек, солардың барлығын біріктіріп, біртұтас жаңа жүйеге жинақтап отырған сала – экология екендігіне дау жоқ. Өйткені, экологиялық мәселелердің туу көзінің өзі әлеуметтік-экономикалық факторлар болып отыр. Осы экологиялық қасіреттен құтылу үшін өндірістік үрдістердің барлық саласында экологиялық білім мен тәрбие берілуі тиіс.

“Жалпы білім беретін мектептерде табиғат қорғау жұмыстарын күшейту туралы”[1] әдістемелік хатта оқыту процесінде экологиялық тәрбие берудің маңыздылығын ашып көрсетуі, оқушылардың табиғатқа жауапкершілік қатынасын тәрбиелеу ісіне қозғау салады. Қазіргі әлемдік экологиялық мәселелерден туындап отырған кезеңінде оқушылардың табиғатқа жауапкершілік қатынасын қалыптастыру

қажеттілігі, бүгінгі орта сынып теориясы мен әдістемесінде қалыптасқан дәстүрді бұзып, оқыту әдісін гуманитарландыру, экологияландыру міндетін қойып отыр. Ал, бұл міндет осы салада нақты зерттеуді және оларды теориялық және практикалық тұрғыда негіздеуді қажет етеді.

Экология саласындағы қиындықтарды ғылым жолымен шешу талабы білім берудің жана парадигмасын туғызады. Сондықтан белгілі экологиялық мәселелерді әуелі жалпылай шолып, содан кейін іргелес құбылыстарды, ұғымдарды, заңдылықтарды жеке-жеке ерекшелеп түсіндіру арқылы оларды қайтадан біртұтас жүйеге біріктіріп, білім берудің дамытушылық ұстанымын іске асырудың ғылыми-әдістемелік жүйесін жасау керек болып табылады.

Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру саласында ізденіп, зерттеулер жүргізген ғалым-педагогтар И.Д.Зверьев, И.Г.Суравегина, А.Н.Захлебный, М.Н.Сарыбеков, А.А.Сотников Қ.-Д.Н.Сарыбеков, К.Құрманбаева, Г.М.Сабденалиева және тағы басқалардың ой-пікірін басшылыққа алдық. Бұлардың еңбектерінде экологиялық білім мен тәрбие беру сабақтарда сыныптан және мектептен тыс оқу-тәрбие мекемелерінде ұйымдастырудың жағдайларын, мүмкіндіктерін жазған болатын.

Әр түрлі пәндер және сыныптан тыс жұмыстар негізінде экологиялық білім мен тәрбие берудің интегралды сипатына орай соңғы жылдарда көптеген ғылыми-әдістемелік еңбектер жазылған: биологиядан С.Орынбеков, И.Г.Суравегина, Ш.Қарамергенов, география пәні бойынша Ұ.Есназарова, Р.Төлегенова, әдебиеттен Ө.Танабаев, табиғаттанудан Д.Жангельдина, математикадан Қ.Н.Сарыбекова және сыныптан тыс жұмыстар негізінде экологиялық тәрбие беруден К.Ж.Бұзаубақова, т.б. жазды. Бұл ғылыми еңбектер мектептегі экологиялық білім мен тәрбие берудің мақсаттары мен міндеттерін анықтаумен қатар, жеке оқу пәндері арқылы табиғатқа дұрыс қарым-қатынас жасаудың мүмкіндіктері мазмұндары, әдістемелері айқындалды.

Экологиялық тәрбие берудің педагогикалық мүмкіндіктері сыныптан тыс жұмыстар арқылы әлі де болса толық айқындалмауы, проблеманың көкейкестілігін дәлелдейді. Сонымен, оқушыларға экологиялық тәрбие берудің ролі арта түсуде.

Мектептен және сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмысының ТМД елдеріндегі жағдайы мен проблемаларын зерттеген ғалымдар Қ.Пірлиев, (Түркменстан), А.Ш.Гашимов (Әзірбайжан), А.Э.Измайлов (Қырғызстан) және т.б. еңбектерінде тәрбиені жекелеп алып, халықтың ерекшеліктерімен байланыстыра, педагогика ғылымына үлкен үлес қосты.

С.Қалиев, Ш.Майғаранова, Г.Нысанбаева, А.Бейсенбаева, С.Иманбаеваның «Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» атты еңбегінде оқушылардың даму ерекшелігіне байланысты, тұлғаның өздігінен дамуының мәні ретінде адамның шығармашылық мүмкіндігін табумен, оқушының өзіне деген сенімін бекітуімен, өзін-өзі және елін, Отанын құрметтей білуін арттырумен ұштастырады.

Педагогикалық зерттеулерде сыныптан тыс жұмыс әр қырынан зерттеуге алынып жүр. Бұл орайда Республика ғалымдары Қ.Жарықбаев, Қ.Бержанов, С.Қалиев, С.Ұзақбаева және т.б. еңбектерін атауға болады.

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда мұғалімдер ұжымы мен мектеп басшылығы барлық күш-жігерді мынадай бағытта ұстануы тиіс:

1. Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар тәрбиенің барлық саласын қамтуы қажет.
2. Сыныптан тыс жұмыстардың көпшілік түріндегі өткізілетін үлгісін қолдану.
3. Мұғалімдер ұжымы сыныптан тыс жұмысқа оқушылардың барлығын қамтуын қамтамасыз етуі тиіс.
4. Балалардың талап-тілегін жеке дара қасиетін ескеру.

Сыныптан тыс жұмыстар оқушының қоғамдық қызығушылығы мен белсенділігін және өз бетімен жұмыс істеу қасиетін, шығармашылық ізденістерін дамытуына жол ашуы тиіс.

Сонымен, мектептің міндеті оқу бағдарламасынан тыс әр түрлі тәрбиелік-білімділік мәні бар сабақтан тыс уақыттарда жүргізілетін жұмыстарды сыныптан тыс жұмыстар деп атайды. Бұл оқу-тәрбие жұмысының құрамды бөлігі болып табылады. Оның негізгі мақсаты – балаларды жан-жақты дамытуға бағытталады, ал, тыс жұмыстың негізгі міндеті – оқушылардың қызығуын, талғамын, қабілетін, іскерлік пен дағдыларын дамытып, олардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру. Сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып өткізу жолдары, әдістемесі, түрлері мен формалары Н.И.Болдырев, В.И.Фурсов және т.б. өз еңбектерінде атап көрсеткен. Егер сыныптан тыс тәрбие жұмысының оқу процесімен ұштасатын болса, онда бүкіл тәрбие жұмысының жүйесін дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі. Аталған еңбектерде сыныптан тыс уақыттарда жүргізілетін шаралардың мазмұны мен өткізу тәсілдері жан-жақты қарастырылады.[2,3,4.]

Сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың табиғат қорғау түсінігін қалыптастыру мұғалімнің жеке басына, оның кәсіби білімі мен шеберлігіне және сыныптан тыс көпшілік қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру қабілетіне байланысты. Осылардың бәрі бір-бірімен үйлесімді байланысты жүруі оқушыларға сыныптан тыс жұмыстарда табиғат қорғау түсінігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің міндеті – баланың жан дүниесіне білімқұмарлықтың, талаптылықтың нәрін себу, балалардың табиғатқа деген тұрақты қызығушылығын, әр түрлі зерттеулерге ынтасын қалыптастыру.

Оқушылармен табиғат қорғау мақсатында ұйымдастырылған тәрбие жұмысының маңызды шарттарының бірі – балалардың психологиялық ерекшеліктерін есепке алу болып табылады. 13-12 жастағы балалар білуге өте құмар болып келеді, олардың қызықпайтыны жоқ; аспан мен жер, күн мен жұлдыздар, су мен ауа, өсімдіктер мен жануарлар туралы білгісі келеді, оларды еңбек пен еңбек процесіндегі адамдардың қарым-қатынасы қызықтырады. Бірақ оқушылардың ынтасы әрі дұрыс қалыптаспаған. Балалардың ой-өрісі кеңейген сайын олардың ынтасы арта түседі, және қажетті алғы шарттар жасала бастайды.

В.А.Сухомлинский балалардың табиғат тамашаларын көре білуге үйретті. Ол балаларға: “Айнала төңірекке қараңдаршы. Қандай тамаша құбылыстарды көрдіңдер, өздерің бәрінен бұрын ұнағаны қайсы, соларды суретке салыңдар”, - дейтін. [5]

Балалардың табиғатқа жан-жақты қызығушылығын ескере отырып, мұғалім оларға бағыт береді. Осы мақсатпен зерттеудің жалпыға қолайлы әдіс-бақылау әдісі қолданылады. Сондықтан сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыруда бақылау жүргізу әдістемесіне үлкен орын беріледі. Бақылау жаттығулары жеке бастың байқампаздық

және білуге құмарлық сияқты аса маңызды қасиеттерін шыңдап шығаруға қажетті жағдайлар туғызады. Балалар өзінің боларынан-ақ бақылағыш және білуге құмар болып келеді.

Оқушыларды қызықтыра білу үшін мұғалімнің қандай білімі, қандай іскерліктері болуы тиіс? Ол туған өлкесінің табиғат жетік біліп, кез келген сұраққа жауап беруге дайын болуы тиіс. Сонымен бірге қолынан көп нәрсе келуі тиіс: ол бақылау нәтижелерін өңдей және оларды өзінің оқу-тәрбие жұмысында пайдалана білуі, өсімдік гербарийін, пайдалы қазбалардың, тау жыныстарының, топырақтың, насекомдардың коллекцияларын жасай білуі, мектеп маңындағы тәжірибе учаскесін дұрыс және өңдей білуі, жануарларды күте білуі тиіс.

Табиғатты қорғауға тәрбиелейтін сыныптан тыс жұмыстардың аса маңызды шарты – балалардың өз еңбегінің қоғамдық пайдалылығын сезінуі, табиғатты қорғауға және оған жауапкершілік қатынасының қалыптасуы. Егер оқушы өз еңбегінің табиғатқа пайдалы және қажетті екендігін көрсе, онда ол жұмысты беріліп істейді. Сондықтан қандай болмасын жұмыстың басталар алдында практикалық маңыздылығын көрсетуге уақыт бөлу қажет. Мысалы, мектепті көгалдандыру көпшіліктік, жалпы мектептік шара, оған орта сыныптың оқушылары белсене қатыса алады. Жұмысты мектепті көгалдандырудың маңызы туралы әңгімеден, мектепті көгалдандыру эскиздерін көрсетуден бастаған жөн. Осылардың бәрі балаларды алда тұрған жұмысқа эмоциялық жағынан дайындайды, олардың қиялын оятады.

Сыныптан тыс жұмыс шартының бірі - балалардың жеке ерекшеліктерін есепке алу. Ұжымдық жұмыс процесінде олардың неге қызығатынын анықтауға көмектесетін жағдай жасалады. Табиғатты қорғау түсінігін қалыптастыру мақсатында өткізілген сыныптан тыс жұмыстар балаларды мұғаліммен жақындастырады. Осы жұмыс үрдісінде танымдық іс-әрекеттерін, табиғатты оқып үйренуге және оны қорғауға бағыттайды, туған өлкені сүюге тәрбилеуге жағдай жасайды, патриоттық сезімін дамытады.

Оқушылармен сыныптан тыс жүргізілетін экологиялық жұмыстар:

1. Оқушылардың экологиялық білімі мен тәрбиелілігінің дамуы оқу іс-әрекетінде белсенділігін арттыруға, бағдарлама бойынша берілетін экологиялық мазмұндағы материалдарды тез меңгеруіне жәрдемдеседі.
2. Сыныптан тыс экологиялық жұмыстарды өткізу және оған дайындық барысы оқушылардың табиғатқа бақылау жүргізуіне қарапайым тәжірибелер жасай білуіне мүмкіндік береді.
3. Сыныптан тыс жұмыстар тәрбиелік мәні жоғары, ол оқушылардың жеке басын, табиғатқа деген сүйіспеншілігін және оның байлықтарын қорғау жөніндегі жауапкершілік сезімін қалыптастырып, табиғатқа деген мінез-құлықтық мәдениетін тәрбиелеуге көмектеседі.

Оқушыларды табиғатты қорғауға тәрбиелеуге байланысты сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстардың түрлері өте көп, бірақ олардың өзіндік ерекшеліктері бола тұрса да бірдей орындалуға тиісті мынадай ортақ ұстанымдары бар:

- сыныптан және мектептен тыс экологиялық жұмыс түрлеріне оқушыларды қарастыру тек қана ерікті түрде іске асырылады;
- жүргізілетін қандай жұмыстың түрі болса да, оның белгілі бір қоғамдық бағыты болу керек;

- сыныптан және сабақтан тыс жүргізілетін табиғат қорғау жұмысын белгілеуде, әрбір оқушының өзіндік көзқарасына, ұсынысына, қызығушылығына сүйенген дұрыс;
- ұйымдастырылған экологиялық жұмыс түрлері оқушылардың белсенді қатысуына, ізденушілігіне бағыттайтындай болу керек;
- балалармен ұйымдастырылған табиғат қорғау жұмысының әр түрінде романтика жән оның белгілері басым болу керек;
- жұмыс нәтижелі болу үшін оның белгіленген күні, мерзімі және оның жасалған жоспары, графигі болуы тиіс;
- табиғат қорғау жұмысын кешенді түрде іске асырылуы талабы үнемі сақталып отыруы қажет;
- сыныптан және мектептен тыс экологиялық тәрбие жұмысына оқушыларды түгелдей қатыстыру жолдарын қарастыру;
- табиғат қорғау жұмысын жүргізгенде оқушылардың психологиялық-физиологиялық дамуын ескеру қажет.

Қазіргі кездегі табиғат қорғау мақсатындағы сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру дәрежесі мектептегі сабақты ұйымдастыру процесінен оның жетістіктерінен кейін қалып отыр.

Оқушылармен жүргізілетін табиғат қорғау мазмұнындағы сыныптан тыс жұмыстардың маңызының артуына төмендегідей жағдайлар әсер етеді.

1.Сыныптан тыс жұмыстардың жан-жақты болуы, білім беру және тәрбие жұмыстарының әдістемелік дамуына әсерін тигізеді.

2.Мектеп бағдарламасында оқу материалын экологиялық тәрбие жұмыстарымен байланыстыру барысында оқушылардың білімін жан-жақты арттыруға мүмкіндік береді.

Қорыта келер болсақ, эколог-ғалымдардың экологиялық тәрбие беру ой-пікірлеріне сүйене отырып, табиғат қорғау түсінігін қалыптастыру – оқушылардың бойында табиғатпен саналы қарым-қатынас жасау, қоршаған ортаны қорғап,табиғи қорды тиімді пайдалана білу қасиеттерін дарыту деген тұжырым жасауға болады.

Әдебиеттер:

1. Жалпы білім беретін мектепте табиғат қорғау жұмысын күшейту туралы (әдістемелік хат) мектептегі тәрбие жұмысы. - Алматы, 1978. -160 б.
2. Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. – Алматы: Мектеп, 1987.-87 б.
3. Фурсов В.И., Фурсов О.В. Экологическое воспитание и образование молодежи. - Алматы, 1996. -15 б.
4. Әубәкіров С., Жангелдина Д. Экскурсия кезінде экологиялық тәрбие беру /Бастауыш мектеп. -1997. -N5. -43-б.
5. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. – Киев, 1973. – С.44.